

*«Қазақтан халқына» қоғамдық қорының Қамқоршылық кеңесінің 2023 жылғы «26» маусымдағы № 38 хаттамасына №1 қосымша*

БЕКІТІЛГЕН

«Қазақтан халқына» қоғамдық қорының Қамқоршылық кеңесінің 2023 жылғы «26» маусымдағы № 38 шешімімен

**«Қазақстан Республикасындағы онкологиялық ауруларға қарсы күрес жөніндегі 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспар жобасына сәйкес «Онкологиялық аурулары бар азаматтарды дәрімен қамтамасыз етуді қаржыландыру» бағыты бойынша тәсілдемелер**

2022 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмасы бойынша Қор «Қазақстан Республикасындағы онкологиялық ауруларға қарсы күрес жөніндегі 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспар» (бұдан әрі – Кешенді жоспар) жобасын іске асыруға қатысуын растады.

Қордың Қамқоршылық Кеңесінің 2023 жылғы 30 қаңтардағы шешімімен (№ 28 хаттама) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі әзірлеген Кешенді жоспар жобасында көзделген іс-шараларды іске асыруға «Қазақстан халқына» Қоғамдық қорының қатысуы алдын ала мақұлданды.

Азаматтарды дәрімен қамтамасыз етуді шешу жолдары атаулы көмек көрсету шеңберінде Қордың іс-қызметінің негізгі бағыттарының бірі болып табылады және денсаулық сақтау саласында азаматтарға қайырымдылық көмек көрсетудің негізгі мақсаты ретінде Қор Тұжырымдамасында көрсетілген.

Қордың Кешенді жоспарды іске асыруға қатысуының маңызды бағыттарының бірі геномдық зерттеулермен және онкологиялық аурулардың ерекшеліктерімен расталған онкологиялық және онкогематологиялық аурулары бар Қазақстан Республикасының азаматтарына қайырымдылық көмек көрсету шеңберінде заманауи инновациялық ісікке қарсы дәрі-дәрмектерді (бұдан әрі – ДЗ) сатып алуды қаржыландыру болып табылады.

**Мақсаты:** онкологиялық және онкогематологиялық аурулары бар азаматтарды тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі шеңберінде мемлекетпен ұсынылмаған заманауи инновациялық таргеттік препараттармен қамтамасыз ету.

Бүгінгі таңда онкологиялық және онкогематологиялық аурулары бар азаматтарды амбулаториялық деңгейде ісікке қарсы препараттармен

қамтамасыз ету Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы ДСМ-75 «Қазақстан Республикасының белгілі бір аурулары (жай-күйлері) бар азаматтарының жекелеген санаттарын тегін және (немесе) жеңілдікті амбулаториялық қамтамасыз етуге арналған дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың тізбесін бекіту туралы» Бұйрығы негізінде жүргізіледі.

Алайда, бұл бұйрық базалық терапияны және онкологиялық пен онкогематологиялық ауруларды емдеуге арналған препараттардың шектеулі тізімін қамтиды, ал заманауи инновациялық таргеттік препараттар онда толығымен болмайды.

**Таргеттік терапия** – бұл онкологияны нысаналы емдеуге арналған дәрілік терапия нысандарының біреуі. Дәстүрлі немесе стандартты химиотерапия бүкіл ағза бойымен тез өсетін жасушаларға, олар қатерлік ісік болатынына немесе болмайтынына қарамастан, бағытталатын болса, таргеттік терапия дәрілерді қатерлі ісік жасушаларының нақты ерекшеліктеріне бағыттайды. Таргеттік терапия қатерлі ісік жасушаларын көшіруді бұғаттауға немесе тоқтатуға және жаңа қатерлі ісік жасушаларының пайда болуына жол бермеуге арналған.

Сонымен, таргеттік препараттардың цитоуыттық әсерлі «классикалық» ісікке қарсы препараттардан түбегейлі айырмашылығы таргеттік препараттар ісіктің түзілу процесіне қатысатын молекулаларға нысаналы түрде әсер ететінінен тұрады.

ДЗ-ны нысаналы тағайындау кезінде онкологтар заманауи геномдық зерттеулерге, басқа зертханалық тестілерге және диагностикалық процедураларға сүйенеді. Таргеттік терапия ол әсер ететін қатерлі ісіктің нақты түрлеріне немесе қатерлі ісік жасушаларының, олар ағзаның қай жерінде орналасқанына қарамастан, айрықша ерекшеліктеріне бағытталған.

Бұл ДЗ ұзақ мерзімді өміршеңдік көрсеткіштерін арттыруға, оң ремиссияға қол жеткізуге мүмкіндік береді, онкологиялықпен ауыруы бар адамның өмір сүру сапасын жақсартуға, сондай-ақ мемлекеттің стационарлық көмекке шығындарын, соның ішінде азаматтарды шетелге емдеуге жіберу үшін жұмсалатын шығыстардың бір бөлігін азайтуға мүмкіндік береді.

Таргеттік терапия емдеудің ерте сатысында емдеуден жанама әсерлерді: химиотерапияны, сәулелік терапия және т.б. барынша азайтуға әкелуі мүмкін, сонымен қатар метастаздық ісіктердің пайда болу ықтималдығын төмендетеді, ал онкогематологиялық аурулар кезінде аурудың тұрақтануына және аурудан жазылуға әкелуі мүмкін.

### **Қатысушылар:**

Қайырымдылық көмек алушылардың мақсатты тобы: онкологиялық және онкогематологиялық аурулары бар Қазақстан Республикасының азаматтары (18 жас және одан жоғары).

### **Серіктестер:**

- «Қазақ онкология және радиология ғылыми-зерттеу институты» АҚ (бұдан әрі – ҚазОжРҒЗИ);
- «Ұлттық ғылыми онкология орталығы» ЖШС (бұдан әрі – ҰҒОО);
- облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдіктері;
- Аймақтық онкологиялық орталықтар, аймақтық онкологиялық орталықтар рөлін атқаратын облыстық ауруханалардағы онкологиялық бөлімшелер (бұдан әрі – Онкоорталық).

### **Тәсілдемелер келесі екі міндетті шешеді:**

- **Адрестілікті қамтамасыз ету.** Адрестілік деп Қор тағайындалуы республикалық медициналық ұйымның мультитәртіптік тобымен (бұдан әрі – МТТ) расталған амбулаториялық немесе стационарлық емделуден өтіп жатқан нақты пациенттің ДЗ-ға қолжетімділікті ұсынуды қарастырады.

- **ДЗ-ны пациентке дейін ең қысқа мерзімде жеткізуін қамтамасыз ету.** Аурудың ауырлығын, сондай-ақ стационарда болу мерзімін, терапия схемасын ескере отырып, ДЗ-ны жеткізу пациенттің терапия схемасын үзуін болдырмау үшін белгіленген мерзімде дәл жүзеге асырылуы керек.

### **Іске асыру механизмі**

Жоғарыда белгіленген міндеттерді шешу үшін Қор ДЗ-ның азайтылмайтын қорын қалыптастырады, оның көлемі бұрыннан бар онкопациенттердің санына, жаңа пациенттердің болжанатын санына, сонымен қатар барлық таргеттік ДЗ алдын ала тапсырысты талап ететінін және ДЗ өндірушісінің өндірістік циклінің мерзімі 3 айдан 6 айға дейін құрауы мүмкін екендігін ескере отырып, ДЗ-ның жаңа топтамасын өндіру үшін қажетті мерзімге байланысты болады.

Қор ДЗ-ны онкопациенттің толық терапия курсына сатып алатын болады, бұл ретте ДЗ Жеткізушілері онкоорталықтарға жарамдылық мерзімінің өтуіне байланысты ДЗ-ны жою тәуекелін төмендету, сондай-ақ пациенттің өлімі жағдайында берілген ДЗ бөлігінің шығасыларын қысқарту үшін пациенттер мен ДЗ қорларын басқару арасында ДЗ-ны тиімді бөлу мақсатында 1-3 айға емдеу үшін қажетті ДЗ көлемін жеткізіп отыратын болады.

Қормен сатып алынған ДЗ-ның азайтылмайтын қоры ДЗ Жеткізушісінің қоймаларында жауапты сақталуда болады және Қордың тапсырмасы бойынша Жеткізушімен ДЗ-ны республикалық медициналық ұйымға немесе нақты онкопациент емделуден өтетін аймақтың онкоорталығына жедел жеткізу жүзеге асырылатын болады.

Ұсынылған тәсілдемелер шеңберінде қайырымдылық көмек ДЗ-ға қолжетімділікті қамтамасыз етудің екі бағыты бойынша көрсетілетін болады:

- амбулаториялық деңгейде;
- стационарлық деңгейде.

Қор ДЗ-ға қолжетімділікті қамтамасыз етудің екі бағыты бойынша келесі тәсілдемелерді ұсынады:

**1. Онкологиялық науқастарды Онкоорталықтар арқылы ДЗ-мен қамтамасыз ету.**

Онкологиялық науқастарды Онкоорталықтар арқылы ДЗ-мен қамтамасыз ету ҚазОжРҒЗИ ұсынған ДЗ тізімі бойынша амбулаториялық деңгейде жүзеге асырылады.

ҚазОжРҒЗИ – онкологиялық пациенттерге диагностикалық және емдік көмек көрсету үшін Қазақстан Республикасындағы жетекші ұйым, сондай-ақ онкология және сәулелік терапия бойынша кадрларды даярлау мен қайта даярлау үшін клиникалық база болып табылады, қашықтықтан консультациялар береді және барлық аймақтық Онкоорталықтармен клиникалық талқылаулар жүргізеді.

Онкопациенттерді таргеттік терапиямен жүйелі қамтамасыз ету ҚазОжРҒЗИ қорытындысы бар болғанда аймақтық Онкоорталықтар арқылы жүзеге асырылатын болады.

Онкоорталықтар арқылы ДЗ-мен қамтамасыз ету кезінде 5 тараптың қатысуы көзделеді: ҚазОжРҒЗИ, Денсаулық сақтау басқармасы (бұдан әрі – ДСБ), Онкоорталық, Қор, ДЗ Жеткізушісі.

Бұл ретте ҚазОжРҒЗИ таргеттік терапияны анықтайтын және МТТ қорытындысын беретін орталық ұйым болып табылады.

**ДЗ-мен қамтамасыз етуге қатысатын әрбір тарап келесі міндеттемелерді қабылдайды:**

**1) ҚазОжРҒЗИ.**

а) ДЗ терапиясы бойынша ұсынымдармен МТТ қорытындысын береді және оны Онкоорталыққа жібереді;

б) Онкоорталыққа нақты пациентті жүргізу бойынша жан-жақты әдістемелік көмек көрсетеді;

в) ДЗ-дағы қажеттілікке болжам жасайды;

г) ДЗ-ның ұсынылған тізіміне сәйкес онкопациенттерді ДЗ-мен қамтамасыз етудің барлық мәселелері бойынша Қормен өзара әрекеттеседі.

**2) Аймақтың денсаулық сақтау басқармасы:**

а) ҚазОжРҒЗИ МТТ қорытындысы негізінде Онкоорталықпен бірлесіп құжаттардың толық пакетімен Қорға өтінімді қалыптастырады және жібереді;

б) көрсетілген қайырымдылық көмек шеңберінде онкоорталықтың іс-қызметінің мониторингі мен бақылауын өз құзыреті шеңберінде ұйымдастырады және жүзеге асырады;

в) көрсетілген қайырымдылық көмектің шеңберінде онкопациентке көрсетілген атаулы көмек туралы есеп беруді қалыптастырады және оны Қорға жібереді.

**3) Онкоорталық:**

а) құжаттаманың толық пакетін қалыптастырады, ол:

- пациенттің қажеттіліктері қоса тіркелген хатты;

- ҚазОжРҒЗИ МТТ қорытындысын;

- ДҚК немесе аймақтың онкоорталығының МТТ қорытындысын;
- жеке куәліктің көшірмесін;
- терапия жөнінде ұсыныстармен бірге бағыттталатын ауру бойынша медициналық құжаттамадан үзінді көшірмені;

- пациенттің жүргізілетін терапияға келісімін қамтуы керек.

б) ДЗ-мен адрестік қамтамасыз етуді (рецепт жазып беруді және ДЗ беруді) жүзеге асырады.

в) тағайындалған емдеу мониторингін жүргізеді, сондай-ақ ДСБ-ға өтінімді уақытылы беру арқылы пациентке жүргізілетін таргеттік терапияның үзілуіне жол бермейді;

г) жүргізілетін таргеттік терапияның тиімділігін бағалайды және ҚазОЖРҒЗИ-мен бірлісіп терапияны жалғастыру туралы мәселелерді шешеді;

д) нақты пациентті ДЗ-мен қамтамасыз ету мәселелері бойынша ДСБ-мен және ҚазОЖРҒЗИ-мен өзара әрекеттесуді жүзеге асырады.

#### **4) Қор:**

а) қайырымдылық көмек көрсету шеңберінде онкологиялық және онкогематологиялық аурулары бар азаматтарды қамтамасыз ету үшін бекітілген ДЗ тізіміне сәйкес ДЗ-ны сатып алуды қаржыландыруды жүзеге асырады;

б) бұрыннан бар онкопациенттерді емдеу үшін жеткілікті және жаңадан анықталған онкопациенттерді ДЗ-ның жаңа топтамасын жеткізу мен және осы қорды уақтылы толтыру мерзіміне дейін ДЗ-мен қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін ДЗ-ның азайтылмайтын қорын құру бойынша ДЗ Жеткізушісімен өзара әрекеттеседі;

в) қайырымдылық көмекті тиімді көрсету үшін қажеттіліктің көлемі мен болжамын қалыптастыру бойынша ҚазОЖРҒЗИ-мен өзара әрекеттесуді жүзеге асырады;

г) ұсынылған құжаттар пакетінің толықтығы, атаулы көмекті беру мен бақылаудың уақтылылығы, Қор үшін есептілікті қалыптастыру тұрғысында ДСБ-мен өзара әрекеттесуді жүзеге асырады;

д) есепке алу құжаттары негізінде Жеткізушісімен ДЗ қалдықтарын салыстыруды жүзеге асырады және салыстыру актісіне қол қояды.

#### **5) Жеткізуші:**

а) Қордың қаржылық ресурстары есебінен сатып алынатын емдік дәрі-дәрмектерді жеткізуді жүзеге асырады;

б) қоймада ДЗ-ның сақтауды жүзеге асырады және Қордың тапсырмасы бойынша ең қысқа мерзімде ДЗ-ның қажетті мөлшерін онкоорталыққа дейін тасымалдауды жүзеге асырады, осының алдында алдын ала ДЗ қаптамасында жуылмайтын сиядан Қордың логотипі мен «Сату үшін емес» жазбасы бар мөрді басады, қабылдау-тапсыру актісіне, тапсырылатын ДЗ-ның құны мен саны көрсетілген тауар жөнелтпе құжатына қол қоюды қамтамасыз етеді;

в) өзінің қоймасында Қормен онкопациентке дейін ең қысқа мерзімде ДЗ-ны үздіксіз жеткізуді қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін ДЗ-ның азайтылмайтын көлемін қалыптастыру бойынша өзара әрекеттеседі;

г) қоймадағы ДЗ қалдықтарына түгендеуді жүргізеді, Қор үшін салыстыру актісін дайындайды және қол қояды.

**Тараптардың міндеттемелері келесі шарттарда көрсетілетін болады:**

- ДЗ-ны жеткізу шарты Қордың және Жеткізушінің арасында азайтылмайтын қорды қалыптастыру үшін бекітілген кестеге және азайтылмайтын қорды толықтыру туралы жеткізу шартына қосымша келісімдерге сәйкес ДЗ-ны кейіннен жеткізумен ҚазОжРҒЗИ мәлімдеген жылдық сұраныстың 50%-дан кем емес көлеміне жасалады;

- Тапсырма және жауапты сақтау шарты Жеткізушінің және Қордың арасында жасалады. Бұл шарт Қорға Жеткізушінің қоймаларында ДЗ-ны есепке алуды және сақтауды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Бұл ретте Жеткізуші Қордың тапсырмасы бойынша ДЗ-ны аймақтың онкоорталықтарына жеткізеді және қажетті құжаттамаға қол қоюды қамтамасыз етеді;

- Қор қайырымдылық жасаушы, Жеткізуші қайырымдылық жасаушының атынан ДЗ түріндегі ерікті қайырымдылық көрсетуге қайырымдылық жасаушымен уәкілеттік етілген тұлға, ДСБ – қайырымдылық көмек көрсетуге өтініш беруші, Онкоорталық – нақты онкопациент үшін арналған ДЗ түріндегі ерікті қайырымдылық алушы болып табылатын емдік дәрі-дәрмектер түріндегі 4 жақты ерікті қайырымдылық шартын жасасу. ДЗ түріндегі ерікті қайырымдылықты тапсыру кезінде қайырымдылық жасаушының атынан ДЗ түріндегі ерікті қайырымдылық көрсетуге уәкілетті етілген тұлға және қайырымдылық көмекті алушы қабылдау-тапсыру актісіне және тапсырылған ДЗ-ның құны мен көлшері көрсетілген тауар жөнелтпе құжатына қол қояды.

**2. ҰҒОО қадағалауындағы онкогематологиялық науқастарды қамтамасыз ету.**

ҰҒОО – өзіне ғылыми-зерттеу зертханаларын, онкогематологиялық реанимация бар Онкогематология және СКАҚ орталығын қосқанда, білім беру және клиникалық базаларды қамтитын халықаралық деңгейдегі жетекші орталық.

Онкогематологиялық пациенттерді ДЗ-мен қамтамасыз ету кезінде 3-ші тараптардың қатысуын көздейді: ҰҒОО, Қор, ДЗ Жеткізушісі. ҰҒОО МТТ шешімі бойынша ДЗ-мен қамтамасыз ету бойынша амбулаториялық және стационарлық көмек көрсетіледі.

ҰҒОО МТТ шешімі амбулаториялық деңгейде де, стационарлық деңгейде де ДЗ-ның таргеттік терапиясын айқындайды.

Бұл ретте, ҰҒОО таргеттік терапияны айқындау және МТТ қорытындысын беру үшін орталық ұйым болып табылады.

**ДЗ-ны қамтамасыз етуге қатысатын әрбір тарап өзіне келесі міндеттемелерді қабылдайды:**

## **1. ҰҒОО:**

а) ДЗ терапиясы бойынша ұсынымдармен МТТ қорытындысының негізінде құжаттардың толық пакетімен Қорға өтінім беру арқылы қажетті ДЗ-ға қажеттілікті қалыптастырады, оларға мыналар кіруі керек:

- пациенттің қажеттіліктері қоса тіркелген хат;
- ҰҒОО МТТ қорытындысы;
- жеке куәліктің көшірмесі;
- терапия бойынша ұсынымдармен бағыттталатын ауру бойынша медициналық құжаттамадан үзінді көшірме;
- өткізілетін терапияға пациенттің келісімі.

б) стационарлық және амбулаториялық деңгейде ДЗ-мен адрестік қамтамасыз етуді жүзеге асырады. Амбулаториялық деңгейде таргеттік терапияны жалғастыру қажет болған жағдайда ДЗ-ны жазып беру мен босатуды жүзеге асырады;

в) амбулаториялық деңгейде таргеттік терапияны қолдану кезінде нақты пациентті жүргізу бойынша аймақтық мамандарға жан-жақты әдістемелік көмек көрсетеді;

г) Қормен бірлесіп бөлу және болжау тұрғысында ДЗ қажеттілігін анықтайды, жүргізілетін таргеттік терапияның тиімділігін бағалайды және терапияны жалғастыру туралы мәселені шешеді.

д) жүргізілетін таргеттік терапия тиімділігінің мониторингі мен бақылауын ұйымдастырады, сондай-ақ Қорға өтінімді уақтылы беру арқылы онкопациентте жүргізілетін таргеттік терапияның үзілуіне жол бермейді;

е) көрсетілген қайырымдылық көмек шеңберінде онкопациентке көрсетілген атаулы көмек туралы есеп беруді қалыптастырады және оны Қорға жібереді;

ж) ДЗ қажеттілігін болжауды жүзеге асырады;

з) ұсынылған тізімге сәйкес онкопациентті ДЗ-мен қамтамасыз етудің барлық мәселелері бойынша Қормен өзара әрекеттеседі.

## **2) Қор:**

а) қайырымдылық көмек көрсету шеңберінде онкологиялық және онкогематологиялық аурулары бар азаматтарды қамтамасыз ету үшін Басқармамен бекітілген ДЗ тізіміне сәйкес қайырымдылық жасаушылардың қаражаты есебінен қаржыландыруды, ДЗ-ны сатып алуды жүзеге асырады;

б) бұрыннан бар онкопациенттерді емдеу үшін жеткілікті және жаңадан анықталған онкопациенттерді ДЗ жеткізу мерзіміне дейін ДЗ-мен қамтамасыз етуге және осы қорды уақтылы толықтыруға мүмкіндік беретін ДЗ-ның азайтылмайтын қорын құру бойынша ДЗ Жеткізушісімен өзара әрекеттеседі;

в) қайырымдылық көмекті тиімді көрсету үшін қажеттіліктің көлемі мен болжамын қалыптастыру бойынша ҰҒОО-мен өзара әрекеттесуді жүзеге асырады;

д) есеп құжаттарының негізінде Жеткізушісімен ДЗ қалдықтарын салыстыруды жүзеге асырады және салыстыру актісіне қол қояды.

## **3) Жеткізуші:**

а) Қордың қаржылық ресурстары есебінен сатып алынған емдік дәрі-дәрмектерді жеткізуді жүзеге асырады;

б) өзінің қоймасында ДЗ-ны сақтауды жүзеге асырады және Қордың тапсырмасы бойынша ең қысқа мерзімде ДЗ-ның қажетті мөлшерін онкоорталыққа дейін тасымалдауды жүзеге асырады, осының алдында алдын ала ДЗ қаптамасында жуылмайтын сиядан Қордың логотипі мен «Сату үшін емес» жазбасы бар мөрді басады, қабылдау-тапсыру актісіне, тапсырылатын ДЗ-ның құны мен саны көрсетілген тауар жөнелтпе құжатына қол қоюды қамтамасыз етеді;

в) өзінің қоймасында Қормен онкопациентке дейін ең қысқа мерзімде ДЗ-ны үздіксіз жеткізуді қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін ДЗ-ның азайтылмайтын көлемін қалыптастыру бойынша өзара әрекеттеседі;

г) қоймадағы ДЗ қалдықтарына түгендеуді жүргізеді, Қор үшін салыстыру актісін дайындайды және қол қояды.

**Тараптардың міндеттемелері келесі шарттарда көрсетілетін болады:**

- ДЗ-ны жеткізу шарты Қордың және Жеткізушінің арасында азайтылмайтын қорды қалыптастыру үшін бекітілген кестеге және азайтылмайтын қорды толықтыру туралы жеткізу шартына қосымша келісімдерге сәйкес ДЗ-ны кейіннен жеткізумен ҰҒОО мәлімдеген жылдық сұраныстың 50%-дан кем емес көлеміне жасалады;

- Тапсырма және жауапты сақтау шарты Жеткізушінің және Қордың арасында жасалады. Бұл шарт Қорға Жеткізушінің қоймаларында ДЗ-ны есепке алуды және сақтауды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Бұл ретте Жеткізуші Қордың тапсырмасы бойынша ДЗ-ны ҰҒОО жеткізеді және қажетті құжаттамаға қол қоюды қамтамасыз етеді;

- Қор қайырымдылық жасаушы, Жеткізуші қайырымдылық жасаушының атынан ДЗ түріндегі ерікті қайырымдылық көрсетуге қайырымдылық жасаушымен уәкілеттік етілген тұлға, ҰҒОО – нақты онкопациент үшін арналған ДЗ түріндегі қайырымдылық көмекке өтініш беруші және оны алушы болып табылатын емдік дәрі-дәрмектер түріндегі 3 жақты ерікті қайырымдылық шартын жасасу. ДЗ түріндегі ерікті қайырымдылықты тапсыру кезінде қайырымдылық жасаушының атынан ДЗ түріндегі ерікті қайырымдылық көрсетуге уәкілетті етілген тұлға және қайырымдылық көмекті алушы қабылдау-тапсыру актісіне және тапсырылған ДЗ-ның құны мен көлшері көрсетілген тауар жөнелтпе құжатына қол қояды.

**Емдік дәрі-дәрмектердің тізімін қалыптастыру.**

ҰҒОО және ҚазОЖРҒЗИ пациенттердің болжамды санын сипаттаумен, негіздеумен және көрсетумен, бір пациентке ДЗ қажеттілігінің көлемімен ДЗ тізімдерін қалыптастырады және осы құжаттарды Қорға жібереді.

Онкологиялық және онкогематологиялық пациенттерді таргеттік ДЗ-мен қамтамасыз ету бойынша тәсілдемелерді іске асыруды бастау және Қордың Қамқоршылық кеңесімен бекіту үшін ҚазОЖРҒЗИ және ҰҒОО ҚР Денсаулық сақтау министрлігімен расталған Кешенді жоспардың іс-шараларын іске асыру шеңберінде келесі ДЗ тізімін ұсынды (кесте).

**ҚазОЖРҒЗИ, ҰҒОО ұсынған  
емдік дәрі-дәрмектердің тізімі**

№	Препараттың атауы (ХПА)	Қолдануы
1	Бригатибиб	Кеңірдектің, ауатамырдың және өкпенің қатерлі ісігі
2	Рибоциклиб	Сүт безінің қатерлі ісігі
3	Абемациклиб	Сүт безінің қатерлі ісігі
4	Олапариб	Сүт безінің, анабездің, қуықасты безінің, ұйқы безінің қатерлі ісігі
5	Трифлуридин + типирацил	Тік ішектің, тоқ ішектің, асқазанның қатерлі ісігі
6	Лорлатиниб	Өкпенің қатерлі ісігі
7	Апалутамид	Қуықасты безінің қатерлі ісігі
8	Нинтеданиб	Өкпенің қатерлі ісігі
9	Алектиниб	Ауатамыр мен өкпенің қатерлі ісігі
10	Иксазомиб	Көптік миелома
11	Даратумумаб	Көптік миелома
12	Помалидомид	Көптік миелома
13	Мидостаурин	Жіті миелоидті лейкоз
14	Венетоклакс	Жіті миелоидті лейкоз, созылмалы миелоидті лейкоз
15	Блинатумомаб	В-жасушалық жіті лимолейкоз

Кейіннен бұл тізім тәсілдемелерді іске асыру барысында өзгеруі мүмкін. Тізімді қосу/шығару бөлігінде одан әрі өзгерту Қор жанындағы Медициналық мәселелер жөніндегі сараптамалық комитеттің қорытындысы негізінде ҚазОЖРҒЗИ-ден, ҰҒОО-дан өтінімге *(пациенттердің болжамды санын сипаттаумен, негіздеумен және көрсетумен, бір пациентке ДЗ қажеттілігінің көлемімен)* ДЗ-ға өтінімге сәйкес Қор Басқармасының шешімі бойынша жүзеге асырылады.

Қайырымдылық көмек көрсету үшін Қор Басқармасымен бекітілетін ДЗ тізіміне **ЛЗ-ны қосу үшін критерийлер:**

- Қазақстан Республикасында тіркеуі жоқ ДЗ;
- ҚазОЖРҒЗИ-ден, ҰҒОО-дан МТТ қорытындысы бар өтінім негізінде өмірлік көрсеткіштер бойынша қажетті ДЗ.

Қайырымдылық көмек көрсету үшін Қор Басқармасымен бекітілетін ДЗ тізімінен **ДЗ-ны шығару үшін критерийлер:**

- ДЗ тізіміне ДЗ-ны бірыңғай дистрибьютордан сатып алынатын емдік дәрі-дәрмектер мен медициналық бұйымдардың тізіміне енгізу, сондай-ақ белгілі бір аурулары (жай-күйлері) бар Қазақстан Республикасы азаматтарының жекелеген санаттарын тегін және (немесе) жеңілдікті амбулаториялық қамтамасыз ету үшін ДЗ-ны қосу;

- Мәслихаттың шешімі бойынша жергілікті атқарушы органдардың қаражаты есебінен сатып алынатын ДЗ.

Қайырымдылық көмектің шеңберінде тізімге қосылмаған ДЗ республикалық және жергілікті бюджеттермен көзделген қаражаттар есебінен қамтамасыз етілуі керек.

ҚР Премьер-Министрінің орынбасары А.Кульгинов өткен 2023 жылғы 2 наурыздағы н/з кеңестің хаттамалық шешіміне сәйкес, ҚР Денсаулық сақтау министрлігіне 2024 жылдан бастап, кезең-кезеңімен тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі шеңберінде онкологиялық аурулардың сирек кездесетін нысандарын емдеуге арналған ісікке қарсы таргеттік препараттарды сатып алуды пысықтау тапсырылды. Сонымен, Қордың қаржылық ресурстары есебінен сатып алынатын онкопациенттерді емдеуге арналған таргеттік ДЗ тізімі 2024 жылдан бастап қысқартылатын болады. Қордың Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігімен расталған, ҚазОЖРҒЗИ мен ҰҒОО жариялаған тізімдер негізінде таргеттік ДЗ-ны сатып алуды қаржыландырудан Қордың шыруы 2026 жылдың 1 қаңтарына жоспарланған.

### **Емдік дәрі-дәрмектерді жеткізушілерді іріктеу критерийлері**

Тәсілдемелерді сәтті іске асыру Жеткізушілерден белгілі бір инфрақұрылымның болуын талап ететіндіктен, сондай-ақ оларға кепілгердің – Қордың атынан белгілі бір әрекеттерді жасау құқытарын беретіндіктен, әлеуетті Жеткізушілерге тиісті талаптар қойылады.

Емдік дәрі-дәрмектерді Жеткізушілер келесі критерийлерге сәйкес келуі керек:

#### **1. Құқықтық қабілеттілік:**

- Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тіркелген заңды тұлға болып табылуға;

- Мүдделер қақтығысын басқару саясатына сәйкес Қорға қатысты үлестес заңды тұлға болып табылмайды;

- құрылтайшылар (акционерлер, бенефициарлар, ақырғы бенефициарларды қосқанда) қандай болса да санкциялық тізімнің, кірістерді жасыруға және лаңкестікті қаржыландыруға қарсы әрекеттің және т.б. фигуранттары, сондай-ақ саяси маңызды тұлғалар болып табылмауы керек;

- Қазақстан Республикасының аумағында фармацевтикалық іс-қызметті жүзеге асыру құқығына барлық рұқсат құжаттардың болуы.

## **2. Жұмыс тәжірибесі:**

- аймақта өкілдіктер желісінің және Қазақстан Республикасының фармацевтикалық нарығында жұмыс тәжірибесінің болуы;
- шетелдік өндіруші компаниялармен/ДЗ сатып алу бойынша өндірушілердің өкілімен жұмыс тәжірибесі бар мамандардың жеткілікті штатының болуы;
- компанияның ашықтығы, қайырымдылық көмек көрсету мәселелерін қарастыруға әлеуметтік жауапкершілік;
- ең қысқа мерзімде логистикалық шешімдерді қамтамасыз ету.

## **3. Арнайы талаптар:**

- аймақтарда ДЗ-ны сақтауға арналған қоймалардың болуы;
- GDP стандарттарына (тиісті дистрибьюторлық стандарты) сәйкестігі;

## **4. Тұрақты қаржылық жағдай:**

Келесі критерийлермен сипатталатын тұрақты қаржылық күйі:

- соңғы үш жыл ішінде пайда мен капиталды сақтау немесе арттыру;
- нарықтың алып отырған үлесін (жалпы сату көлемінен %) сақтау немесе арттыру. Бұл критерий бойынша ерекшелік, егер осы жеткізуші нақты таргеттік ДЗ-ны жеткізу бойынша жалғыз авторландырылған дистрибьютор болып табылса, осы жеткізушіге қолданылуы мүмкін;
- тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің алты есе мөлшерден асатын салық берешегінің болмауы;
- тиісті қаржылық құжаттарды ұсынғаннан кейін Қормен оларды толық немесе ішінара өтегенге дейін ДЗ-ның Алушыға жеткізуді ұйымдастыруға байланысты шығыстарды (яғни ДЗ-ны сатып алуға тікелей байланысты емес) қаржыландыруға дайындығы.

## **Қаржыландыру**

2023 жылға ҚазОЖРҒЗИ, ҰҒОО ұсынған ДЗ тізіміне және онкопациенттер санының болжамына сәйкес қаржыландырудың қажетті лимиті **17 млрд теңгені** құрайды.

Ұсынылған ДЗ тізімдері бойынша дәрі-дәрмектің есептік құны: ҚазОЖРҒЗИ – 8,574 млрд. теңгені, ҰҒОО – 7,962 млрд теңгені құрады. Ұсынылатын қаржыландыру лимиті болжамның ықтимал қателігін, сондай-ақ ДЗ-ны алушыға дейін жеткізуге байланысты көліктік пен басқа да шығыстарды ескереді.

Қордың қатысуы «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабының 5-тармағына сәйкес «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ-тың таза кірісінің 7%-дан кем емес мөлшерінде түсімдер шеңберінде қаржыландыру есебінен қарастырылады.

2024-2025 жылдарға арналған қаржыландыруды одан әрі қарастыру ҚазОЖРҒЗИ-дан, ҰҒОО-дан ДЗ-ға берілген қажеттілік негізінде Қамқоршылық кеңестің жеке шешімімен айқындалатын болады.